

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АТА СӨЗІ

Адамды көп ойға салатын бір мезгіл – жастық шақ. Өмір жолының басына ғана түсіп, болашағын алдан күткен жас адамның ойы шар тараңқа бой ұрып, үлкен дүниеден лайықты орын алсам деген заңды үміт, орынды тілек іздетеді. Жер бетін шарлай зәулім аспанға ұшып, мұхиттың шынырау терен түкпіріне лезде сұнгіп, қайта оралатын адам ойлары тұрақтап, бір саяға құймай, жастық көңіл елегзи бермекші.

Бұл адамшылыққа жат нәрсе емес, қайта заңды қасиет болып табылады. Өмірде нысана болмау, айқын қойылған мақсат болмау деген мұхитқа компассыз шыққан кемедей адасқақ, күтпеген бейнетке ұрыншақ қылыш үйретпек.

Әрине, өмір жолы тақтадай тегіс, оқтаудай түзу болуға мүмкін емес. Ондай жол қызық та болмас еді. Дегенмен алда нысана болу өр адамның өмірінің заңы болуы керек сияқты. Тарихта откен көптеген ұлы адамдар өмірдің осы заңын ескертіп, жастарға деп арнап нақыл сөздерін қалдырыды.

Біздің ұлы ақын атамыз Абай өзінің нақыл сөздерін бірауыз өлеңмен айтып кеткен еді.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан! –

депті ұлы атамыз. Абай бұл нақылды жәй ғана, әншнейін жалпы ұғымда айтып қойған жоқ, қандай кірпіш болып, қайда қалану көректігін де мезгел кетті. Өзінің «Ғақлиясында» ол тыныштық үйқы көрмей, өмірінің бар қызығын ғылым заңдарын ашу деп білген хакимдердің өнегесін мадақтады. Және соларға үқсауға тырыс деп шақырады. «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсөніз», – деп сенімге шақырып, айтқан нақылын нығыздай түседі.

Әрине, ғалым болу – өркімнің қолынан келе бермейтін нәрсе. Ал олай болғанда да Абай талаптың зор болуын тілейді. Оны бір өлеңінің төмөндегі екі жолынан көруге болады:

Алышта болса ізден тап,
Коренойға кіруге.

Абайдың «коренойға кіруге» деген сөзі көп нәрсені аңғаруды керек қылады. Құлашты кең сілтеп, өмір кетігінің керекті жеріне қалан дегенді ескертеді. Бұл ойын: «Тіршіліктің несі сөн, тереңге бет қоймаса», – деп тағы да шегелей түседі.

Қандай адамға болмасын өмірден орын алып беретін нәрсе – еңбек екендігін де Абай қатты ескертеді. «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы сықылды тез суалар», – дейді ол. Адам баласының, одан қалды жеке адамның тілегі, алға қойған мақсаты тарих бойы өзгермей түрмак емес. Әр ғасыр, әр қоғам сатысы оларға өздерінің ықпалын ала келеді. Капитализм дәуірі болса, адамның тілегін жеке басының пайдасына, байлыққа, қалайда ақша табуға, мал табуға бейімдеді.

Абай өмір сүрген дәуір қазақ елінің феодализмнің шытырман шырмауынан шыға алмай, капиталистік қатынас саңлаулатының жана ғана қазақ даласына бет қоя бастаған кезі еді. Мал баққан, қараңғылық бүғауында тұншыққан көшпелі қазақ елінің ішінде шаруашылықтың жоғарғы сатысы ретінде егін салуға көшу және оқу-білімге үмтүлу талабы түр еді. Абай атамыз, міне, дәл осыны сол кезде де өситеттей білді.

Тұбінде баянды еңбек – егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

Қазіргі дәуірде біздің қазақ елі, қазақ халқы қоғам сатыларының біразын аттап отіп, Совет Одағының халықтарымен бірігіп, коммунизм құру күресіне белсene қатынасуда. Октябрь революциясы өмір берген біздің халқымыз, ол жасақтаған республика тең праволы социалистік мемлекет семьясының құрамына еніп, одақтағы үлкен ақ отаулардың бірі болып отыр. Еліміздің жер байлығы, кен байлығы мол пайдаланылып, мәдениесті адам айтқысыз шапшаң қарқынмен өсіп, бұл күнде республикамыздың даңқы ғажайып жер жарады. Әрине, мұндай жағдайда ұлы бабамыз Абайдың жастарға айтқан:

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан! –

деген нақылы басқа тұрғыдан қаралмақшы. Оқу, білім, қоғамға еңбек ету қазір қол жетпейтін мақсат емес. Мүмкін, ата-анасына еркелейтін, заманға арамтамақ есептеліп жүретін аздаған селтен байлар, әлі де кездесетін болар. Бірақ олар – шығымды, көп егіннің ішінде кездесетін арамшөптей сирек, жұлып тастауға онай, түбірі борпыл, осуі қағілез, өмірі мерзімделмеген адамдар.

Сонымен, біздің жастардың алдында қазір дүниеге, басқаша айтқанда, ұлы Отанның белді-белді істеріне кірпіш болу мүн, қиял қанатындағы сұрана тіленетін жай емес. Біздің өнгіме қандай кірпіш болып, қай жерге қалану керек, міне, осы тұрғысында болмақ. Нақ осы жайдан қарастыра отырып, жастарға арнап бірер ауыз сөз жазғымыз келеді.

Октябрьден бұрын Қазақстан жерінде, оның ішінде қазақ елінде экономика бір салалы ғана болды. Бірлі-жарым орнай бастаған өндіріс орындарында аздаған ғана қазақ жұмыскерлері жұмыс істеді. Ал өнеркәсіпте істейтін интеллигенция, тіпті жоқ деуге болатын еді. Қала халқының ішінде де қазактар, тіпті аз болатын. Оның есесіне қазақ халқы сонау ескі заманнан бергі ата-бабасы кәсіп еткен көшпелі малшаруашылығымен бірыңғай айналысып келді. Оның өзі бытыраңқы және мүшкіл халде болатын. Мыңдаған жылқы, қоралаған қой, табын-табын сиыр тұліктерінің қорасы бай болса, оның соңындағы жалшы-малай өз тіршілігі үшін шөкімдей ғана күнкөріс табатын.

Қазақстанның экономикасы өркендеумен байланысты көптеген жаңа құрылыштар, ірі өнеркәсіп орындары салына бастады. Бұрынғы жел ызыңы, мидай да бетпақ дала жайлайған жансыз өлкелерге өмір келіп, жаңадан үлкен қалалар орнады. Осының өзі қазақ халқының алдағы тарихи тағдыры үшін үлкен прогресс, зор жаңалық ала келді. Себебі кең байтақ қазақ жерінде орнап жатқан өндіріс орындары мен жаңа қалаларда жұмыс істейтін жұмыскерлер, инженер-техниктер, тағы да осы сияқты бұрын қазақ халқы білмеген мамандық салаларының адамдары көбейді. Бұл жөніндегі біздің табысымыз, үлкен женістеріміз санап тауыспастай.

Дегенмен ертеректе өндіріс өрлеуінің тоғышарлығымен және қазақтардың қалалы жерде аз болып, көшілігі мал бағы соңында болуымен байланысты адамдарымыздың өндіріске тартылуы республикамызда өнеркәсіптің өрлеуіне сәйкес бола алған жоқ. Сөйтіп, осының өсері ашығын айтсақ өлі күнге дейін сезіліп келеді. Өндіріс орындарында техникалық мамандықтарды түбебейлі менгерген қазақ жұмысшылары өлі де болса аз. Отандық өнеркәсіпті өркендетуге лайықты үлес қосу – қазақ жігіттері мен қыздарының да айбынды және абыройлы борышы. Қоғам негізі – ауыр өнеркәсіпті өркендету маңызды мәселе десек, онда тұғырлы жұмыстардың барлығының тетігін ұстауда қазақ қыздары мен жігіттерінің де көп болуы – сондай қажет нәрсе.

Орта дәрежелі және жоғары мектепті бітіруші қазақ жастары ойы қажетті өтеп те жатыр. Бүтінге дейін де, бұдан кейін де орта дәрежелі мектептерді бітіретін қазақ жастарының саны еселеп арта бермек. Ал бірақ осы уақытқа дейін алған жастардың көпшілігі ауылшаруашылық мамандары, мұғалімдер, заң қызметкерлері арасында көбірек болып келеді. Әрине, бұлар да – өмірге керек, қоғамға қажет мамандықтар. Дегенмен өндіріс салаларында жүрген мамандардың өлі де аздығын кемістік деп білген өбден жөн болады. Себебі өндіріске бейімділік, техниканың бүгінгі заманғы табыстарын жетік менгерген халықтың зор қасиетін, оның дамуының интеллектуалдық бейнесін айқын анғартады. Өндіріске үлт кадрларын мол дайындауға біздің уақыттымызда да кең жол ашылып отырғанын естен шығармау керек.

Қазақ халқының бұрын тарих сатысының төменгі баспалдағында болуына байланысты психологиясындағы тоғышарлығы сонау бір жылдарда көп залалын тигізді. Көптеген қазақтардың ұғымынша, оқығандықтың белгісі кенседе отырып «төрелік» күру сияқты ұғымдар болып келді. Жер астына шахтаға тұсу, завод цехтарында құрылыш алаңдарында жұмыс істеу сияқты сібек жайында жирене қараушылықтар болды. Осы сияқты тұрпайы көзқарастарға қарсы жастар арасында өлі де жұмыс жүргізу өте қажет. Әйткені жастар жанын уыздай балғын шағынан зор мақсаттың адамдары етіп тәрбиелемесек, ертеңгі күні көп жайлардан ұтылатынымыз өзінен-өзі түсінікті.

Бұл мақаланың авторы қазақ қыздары мен жігіттеріне: «өмірден орын табуда өндірістік істі сүйіндер» дегенде, осыдан басқаны қаламандар деп біржақты бағдарлаудан аулақ. Өмірден орын табу – бүгінгі таңда және ертең, арғы күні сымбатты тұлғалы Отан алдында шешуі кезек күттірмейтін қандай міндеттер түр, соның тұғырлы тетіктерін ұстау, орналасу деген сөз. Олай болса, мынғырта мал өргізген шопан болу да, алып «НАТИ»-ді атша жортқызыған механизатор болу да планетааралық корабльдердің үшқышы болу да, мәдениет пен әдебиеттің, искусствоның талғамды қайраткерлері болу да жастар алдында тұратын нысанан болуға тиіс. Демек, өмірдің қай саласында кім болып, нендей қызмет атқарсаң да, елің сүйсінетін азамат, адам болуың керек, бүгінгі заманның үрпағы! Сонау бір түнек дүниенің ортасында өмір сүрген ұлы атамыз Абайдың: «Сен де бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан», – деген екі жол өлеңін бүгін өзіміздің талғаммыздан өткізіп, жаңа дүниенің шамшырақ жарығы сәулесінде оқысады, жоғарыдағы алға тартқан паш пікірлерді айтуда мәжбүр боламыз. Біздің қоғамның қарқындық аяқ алысы әр жасқа: «өндір азамат бол!» – дейді.

1958 ж.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.